



БҮЙРЫҚ

22 қараша 2024 жыл

Қулан ауылы

ПРИКАЗ

№ 731-Ө

село Кулан

«Алтын түлек» олимпиадасы туралы

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жамбыл Дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының 2024 жылғы 10 қазан №468 хатына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Математика пәнінен 10-11-сынып оқушыларға арналған «Алтын түлек» олимпиадасының аудандық кезеңі 2024 жылдың 29 қараша күні Шоқан Уәлиханов атындағы шағын орталықты орта мектеп базасында өткізілсін.

2. Оқушылардың жұмыстарын сараптап, тексеріп, жеңімпазды анықтау мақсатында (*Қосымша 1*) комиссия мүшесі құрылсын.

3. Олимпиадаға қатысатын оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын қамтамасыз ету және жауапты жетекшіні бекіту мектеп директорына жүктелсін.

4. Олимпиадаға кабинеттер мен апараттық құралдардың дайындығын қамтамасыз ету Шоқан Уәлиханов атындағы шағын орталықты орта мектебінің директоры Б.Қиялбековке жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Қырықбаева Гүлмираш Қуанышбекқызына жүктелсін.

Басшы



М.Сванов